

Бекітемін:
Мектеп директоры: Адилев Ш.Б.



**2023-2024 оқу жылына арналған
«Өзін-өзі басқару» ұйымының жылдық жоспары**

Мектеп тәлімгері: Турешова Ж.А.

2023-2024 оқу жылы

Қыркүйек айы

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Мақсаты аудитория: катысушылар
1		1.Парламенттің жобалау кеңесін құру 2.Мектеп Парламент Президентін сайлау күнін бекіту 3.Оқу жылына жұмыс жоспарын бекіту	01-15.09.2023	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	5-9 кластар
2	«Құқықтық мәдениет» жобасы	Сыныптардағы өзін – өзі басқару ұйымын сайлау	15-22.09.2023	Фракция мүшелері	ДТІЖО ұйымдастырушы педагогтер	1-9 класс білім алушылары
3		ҚР Білім туралы, Мемлекеттік Жастар саясаты туралы Заңдарын, ҚР өзге нормативтік – құқықтық актілері мен мектепшілік ережемен таныстыру	24.09.2023	Фракция мүшелері	Тәлімгер	7-9 класс білім алушылары
4		Мектепшілік мектеп формасы, оқулық, суық қару, т.б. рейд	Айына бір рет	Фракция мүшелері	Тәлімгер	1-9 класс білім алушылар
5		Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу	Токсанына бір рет	Фракция мүшелері	Тәлімгер	Тәлімгер

Қазан айы

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Максаты аудитория: қатысушылар
1		Ақпараттық бұрыш жасау. Оқулықты күтіп ұста радиолинейка	04-08.10.2023	Фракция мүшелері	Тәлімгер	1-9 кластар
2	«Жаңалық жаршысы» жобасы	Парламент отырысын өткізу	Айына 1 рет	Фракция мүшелері	Тәлімгер	1-9 кластар
3		Менің ұстазым тақырыбында жас блогер айдары	Аптасына 1 рет	Фракция мүшелері	Тәлімгер Класс жетекшілер	1-4 класс білім алушылары
4		«Мектеп News» апталық жаңалықтарды жариялау	Аптасына 1 рет	Фракция мүшелері	Тәлімгер Класс жетекшілер	7-9 класс білім алушылары

Қараша айы

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Мақсаты аудитория: қатысушылар
1		«Денсаулық – бұл спорт» газет шығару	14.11.2023	Фракция мүшелері	Тәлімгер	7-9 кластар
2	«Мен салауатты өмір салтын қолдаймын!» жобасы	«Біз спортпен біргеміз!» спорттық сайыс	15.11.2023	Фракция мүшелері	Тәлімгер	2-4 кластар
3		Медицина маманымен кездестіру	Тоқсанына бір рет	Фракция мүшелері	Тәлімгер	1-9 кластар
4		«Таза мектеп – таза сынып» акциясы	Аптасына бір рет	Фракция мүшелері	Тәлімгер	1-9 кластар

Желтоқсан айы

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Максаты аудитория: қатысушылар
1		«Шай тәттілері» «Ыстық тағам» жәрмеңкелері	7.12.2023	Фракция мүшелері	Тәлімгер	8-9 кластар
2	«Сүйіспеншілік-жүректен» жобасы	«Мейірім толы жүрек» акциясы	22.12.2023	Фракция мүшелері	Тәлімгер	1-9 кластар
3		«Кел, Жаңа Жыл!» жаңа жылдық мерекелік кеш	27.12.2023	Фракция мүшелері	Тәлімгер	1-4 класс 5-6 класс 7-9 класс

Қаңтар айы

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Максаты аудитория: қатысушылар
1	Еріктілер жобасы	«Жомарт жүрею» акциясы	9.01.2024	Фракция мүшелері	Тәлімгер Сынып жетекшілер	5-9 кластар
2		«Қайырымдылық-қайырлы іс» іс-шара	17-19.01.2024	Фракция мүшелері	Тәлімгер МДПЖО Сынып жетекшілер	1-4 кластар
3		«Qatty tatty» мастер класс өткізу	26.01.2024	Фракция мүшелері	Тәлімгер	5-9 класс оқушылары

Ақпан айы

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Мақсаты аудитория: қатысушылар
1		«Қоғамдық тәртіп негіздері» пікірталас	05.02.2024	Фракция мүшелері	Тәлімгер	5-9 кластар
2	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы	«Әлемде мейірімділік бар ма?» дебат	12.02.2024	Фракция мүшелері	Тәлімгер	1-4 кластар
3		«Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?» пікірталас	20.02.2024	Фракция мүшелері	Тәлімгер	5-9 кластар

Наурыз айы

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Максаты аудитория: қатысушылар
1		«Табиғат тамашалары» суреттер байқауы	06-07.03.2024	Фракция мүшелері	Тәлімгер	1-4 класс
2	«Эко START» жобасы	«Наурызым» мерекелік іс-шара	11-15.03.2024	Фракция мүшелері	Жауаптылар	Серіктестер
3		«Қоқысты қайта өңдеу мүмкін бе?» танымдық сабақ	18-22.03.2024	Фракция мүшелері	Педагог-психолог Тәлімгер	8-9 класс

Сәуір айы

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Мақсаты аудитория: қатысушылар
1		«Ана мен қыз» байқауы	01-05.04.2024	Фракция мүшелері	Сынып жетекшілер Тәлімгер	1-4 класс
2	«Өнерлі өрен» жобасы	«Әсем көктем» жерге сурет салу	15-19.04.2024	Фракция мүшелері	Тәлімгер	5-9 класс
3		«Біз өнерлі жастармыз!» флеш-моб	22-26.04.2024	Фракция мүшелері	Сынып жетекшілер Тәлімгер	5-8 класс

Мамыр айы

№	Жобалық қызметінің бағыттары	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Максаты аудитория: қатысушылар
1		«Бірлік болсын елімде!» құттықтау	01.05.24	Мәдениет фракциясы	Сынып жетекшілер Тәлімгер	5-9 класс
2	«Бірлік» жобасы	«Жеңіс күні құтты болсын!» мерекелік кеш	06.05.24	Мектеп Президенті Мәдениет фракциясы	Тәлімгер	1-9 класс
3		«Сынғырла соңғы қоңырау» іс-шара	25.05.25	Мектеп президенті Фракция мүшелері	Сынып жетекшілер Тәлімгер	1-9 класс

Шеңгелши негізгі орта мектебінің

«Өзін-өзі басқару» ұйымының

2023-2024 оқу жылының жылдық жұмысының талдауы

Қыркүйек айында «Өзін-өзі басқару» ұйымының жоспарына сәйкес мектеп Парламенттің жобалау кеңесі өткізілді. Сол кеңесте мектеп Парламент мектеп Президентін сайлау күнін бекітілді. Мектеп Президентіне өз 8-9 класс оқушыларынан өз қалаулары бойынша өз кандидаттығын ұсынды. Әр үміткерге ережелері түсіндірілді. Сыныптардағы өзін-өзі басқару ұйымы тағайындау туралы ұсыныстар айтылды. Әр сынып басқару ұйымын тағайындайды.

«Жас Ұлан» ұйымының мүшелерін тағайындау, жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру болған болатын. **Мақсаты:** Оқушылардың жауапкершілігін арттыру. «Жас Ұлан» ұйымының мүшелерін сайлап, дауыс беріп, сайланған болатын.

Мектепшілік мектеп формасы мен ішкі мектеп ережелермен таныстырылды. Құқық қорғау органдарымен оқушылар мен ұстаздарға арнайы кездесу ұйымдастырылды.

Қыркүйектің 1-ші жұлдызында «Мектебім - мейірім мекені!» атты салтанатты жиын өткізілді. **Мақсаты:** Оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтап, білім мен тәртіпті қатар ұстауға шақыру. Жиынға барлық ұстаздар, оқушылар мен ата-аналар қатысқан болатын. Жаңа оқу жылына толағай табыс тілеп, тек білімді болуға талпыну керек екені туралы айтылды. Мамыр айында сайысқа қатысқан оқушылар марапатталды. Басшы барлық ұстаздарға сәттілік тілеп, ардагер ұстазымыз құттықтау сөзін айтып, ұстаздар оқушыларын өз сыныптарын көрсетіп, оқушыларымен тәрбие сағаттарын өткізді.

Қазан айында ақпараттық бұрыш жасалды. «Оқулықты күтіп ұста» атты радиолинейка өткізілді. Ақпараттық бұрышта оқушыларға кітаптар туралы ақпарат берілді. Кітапты қалай күтіп ұстау керек екені жайында түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Қазан айында мектеп парламентінің отырысы өткізілді. Жиналыста жылдық жоспарлармен танысу, бөлісу болды. Әр фракция мүшесі өзіне қажетті мәліметтер алып, сол бойынша жұмыс жасауға әзер екенін атап өтті.

Қазан айында «Қарттарым- асыл қазынам» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Кеште 1-6 класс оқушылары қатысты. Түрлі әндер айтылып, би биленді. Қарттарымызға тілектерін жаудырып, кішіірім сыйлықтар берілді.

Қазан айында «Ұстазыма мың тағзым!» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. **Мақсаты:** ұлағатты ұстаздарға құрмет көрсете білуге, адамгершілік қасиеттерге баулу. Ұстаздар күніне орай мерекелік кеш ұйымдастырылған болатын. Мерекелік кешке 5-9 класс оқушылары белсенді түрде қатысты. Әр оқушы өз бойында бар өнерлерін көрсетіп, жылы лебіздерін білдіріп, сыйлықтарын берген болатын. Ұстаздарға толағай табыс, шәкірттерінің биіктен көріне берулеріне тілектеспіз деп мерекелік аяқтаған болатынбыз.

Қазан айында «Менің ұстазым» тақырыбында жас блогер айдары ұйымдастырылды. Жас блогерлер айдарында оқушылар өздері блог арнап, ұстаздарына, достарына жылы лебіздерін білдірді.

Қазан айында «Мектеп News» апталық жаңалықтарды жариялау өткізілді. Фракция мүшелері мектепішілік жаңалықтарды

Қараша айында Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына мүшелікке қабылданатын оқушылар тізімі жинақталды. «Жас Қыран» ұйымының мүшелерінде 9 оқушы, Жас Ұлан ұйымында 8 оқушы. Алайда ешқандай бұйрық келмегендіктен ресми қабылдау іс-шаралары жүргізілген жоқ.

«Жас Ұлан» ұйымының мүшелері:

1	Ақмырза Нұртілек Нұрбекұлы	5	121005503725
2	Әнуарбекұлы Мирас	5	131110503094
3	Болат Айым Ақанқызы	5	130802602389
4	Жумабаев Рауан Романович	5	130319501597
5	Мұрат Айдос Айбекұлы	5	130104501469
6	Самат Ханым Манатқызы	5	131225601456
7	Тұңғатарова Аршын Русланқызы	5	121226603842
8	Рамазан Ариназ Бауыржанқызы	5	130614601418

«Жас Қыран» ұйымының мүшелері:

№	Аты - жөні	Класы	ИИН
1	Аманжол Айару Даниярқызы	2	161207604636
2	Алпысхан Раяна Алтынбекқызы	2	160204602761
3	Артықбаев Рустем Русланұлы	2	160927505213
4	Беласар Еркеназ Жангелдіқызы	2	160901604170
5	Қонысбай Айым Айбекқызы	2	160113603228
6	Ізбасар Адина Ерікқызы	2	160207604267
7	Майлыбай Нұрмұхаммед Нұрболұлы	2	161231502109
8	Мұрат Аягөз Асхатқызы	2	160817603255
9	Хайрулла Көркем Мұхитқызы	2	160727605561

Қараша айында «Денсаулық – бұл спорт» тақырыбында 5-9 класс оқушылары арасында газет шығарылды. Мақсаты: оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға дәріптеу. Газет қабырғаларын барлық класс оқушылары белсенді түрде шығарды.

Қараша айының 15 жұлдызында бастауыш класс оқушылары арасында «Біз спортпен біргеміз!» атты спорттық сайыс ұйымдастырылған болатын. Спорттық сайыс бірнеше кезеңдерден тұрды. Жас ерекшеліктеріне қарай оқушыларды араластыра отырып, 3 топқа бөлінген болатын. Әр топ бірдей форма киіп, топ аты мен ұрандарын айтып сайысқа түскен болатын. Ең көп балл жинаған жеңіске жетіп, марапатталды. Оқушылар сайысқа белсенділікпен, қызығушылықпен қатысты.

Мектебімізде жоспар бойынша оқушылар мен медицина маманымен кездестіру жұмысы жүргізілді. Кездесуге 5-9 класс оқушылары қатысты. Оқушыларға ортада өзін-өзі ұстауынан бастап, тазалық сақтау керектігі туралы айтылды. Тазалық - адам бойында ең басты назарда болу керек екені түсіндірілді. Жалпы көптеген жұқпалы аурулар турлаы, оның алдын алу туралы, денсаулыққа зиян заттар туралы мағлұматтар берілді.

Мектебімізде «Өзін-өзі басқару» ұйымының жоспарына сәйкес «Таза мектеп – таза сынып» атты акциясы ұйымдастырылған болатын. Акцияға барлық класс оқушылары қатысты. Тазалағыш заттарды пайдалана отырып, оқушылар өздерінің парта, орындықтарын тазалады. Сынып бөлмелерін жинақтап, реттестірді. Гүлдерге су құйып, шандарды сүртіп, қоқыс жәшіктерін босатты. Тазалық кез-келген жерде жасау керек екені туралы айтылды. Оқушылардың барлығы тазалыққа белсенді түрде қатысты.

Қараша айында мектебімізде оқушылар арасында жәрмеңке ұйымдастырылған болатын. Жәрмеңкеде «Тәп-тәтті» және «Fast food» тағамдары жасалып әкелінді. Тағамдардың бағаларын оқушылар өздері қойды. Жәрмеңкеден түскен қаражат оқушыларға берілді. Барлық оқушы белсене қатысып, сатылымға көптеген тағамдар алып келді. Басты мақсат оқушыларға қаржылық сауаттылығын арттыру болатын.

Мектебімізде желтоқсан айында «Мейірім толы жүрек» атты акциясы ұйымдастырылды. Акцияны ұйымдастыруға мектеп Президенті өз қолына алды. Акцияны рубрика ретінде ұйымдастырды. Мектеп Президенті фракция мүшелерімен жұмыстануға, белсенді қатысуға кеңес берді. Рубриканы мейірімділік пен тәртіпті, білім мен тәрбиені қатар ұстанатын - мұғалімдерге арнады. Кішігірім көңіл-күй сыйлап, ұстаздарды қуантуға тырысты. Ұстаздар жылы қабылдап, оқушыларға алғыстарын білдірді. «Мейірімділік – әлемді құтқарады» – дегендей мейірімді болу кез-келген адамның қолынан келетін дүние екенін түсіндіру.

Мектебімізде 27 желтоқсанда «Кел, Жаңа жыл!» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Таңғы мезгіл уақытында МАД, ШО және бастауыш класс оқушылары қатысты. Мерекелік кешке барлық класс оқушылары белсенді түрде қатысты. Түстен кейінгі мезгілде 5-6 класс, 7-9 класс оқушыларына ұйымдастырылды. Ата-аналары көрермен болып келіп, қолдау көрсеткен болатын. Осы жылы барлық оқушыларға әкімшіліктен сыйлықтар берілді. Ата-аналар қолдау ретінде түрлі персонаждар киімдерін жалға алып киген болатын. Мерекелік кеш қызықты, әрі көңілді өткізілді.

Қаңтар айының жоспарына сәйкес «Жомарт жүрею» атты акция ұйымдастырылды. Акция барлық оқушылар арасында «Құпия дос» ретінде ұйымдастырылды. Оқушылар өздерінің есімдерін жазып, араластыра отырып бір парақтардан алғаннан кейін өздерінің құпия досын анықтап, өздерінің патша көңілдеріне қарай сыйлықтар алған болатын. Сыйлық қатты қымбат емес, басты шынайы көңімен, жақсы нитпен берілсе болған деп айтылды. Осы акцияның барысын барлық оқушы қолдап, қызықты етіп өткізуге тырысты. Барлығы белсене қатысып, бір-біріне ризашылықтарын білдірді. Оқушылар арасында татулық, достық қатынастары ұлғая түсті.

Мектебімізде «Өзін-өзі басқару» ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес «Қайырымдылық- қайырлы іс» атты іс-шара ұйымдастырылды. Қаңтар айында 8-9 класс оқушылары мектеп ауласының қар ашуына аула тазалайтын апайларға көмек көрсетті. Оқушылар ауыл ішіндегі үлкен қарт адамдарға көмек беруге ниет білдірді. Алайда ауыл ішінде мұқтаж жан болмағандықтан, мектептің ауласының қарын ашуға шешім қабылдады. Біраз қарды тазалады. Апайлар, оқушылардың көмек қолын созып, қолдау көрсеткендеріне қуанып, ризашылықтарын білдірді. Қайырымдылық жасау кез-келген адамның қолынан келе бермейтін, жақсы қасиеттердің бірі екенін ұғындыру. Оқушылар сол жолда көптеген еңбек етуге тырысу керек екенін түсінді.

Қаңтар айына мектебімізде мектеп Президентінің ұйымдастыруымен мастер класс өткізілді. «QATTY TATTY» мастер класқа барлық қыз балалары қатысуға рұқсат етілді. Алайда мастер класс ақылы түрде, оффлайн режимінде өткізді. Мектеп Президентіне фракция мүшелері қолдау көрсетті. Мастер класта смузи, американское, мраморное печенье, венские вафли деген тәтті тағамдар мен сусындар үйретіледі деп жарнамалар, хабарландырулар берілді. Мектеп Президенті керекті құрал-жабдықтарын жинақтап, сол жерде дайындап, барлық қыр-сырларын көрсетті. Келген қатысушы қыздар қалай жасалатынын көре отырып, парақтарға жазып алған болатын. Осы мастер класта үйренген тағамдарды, келесі аптаға жасап әкелуді хабарлады. Әдемі, әрі дәмді етіп дайындаған оқушы марапатталатыны туралы айтылды. Мастер класқа қатысқан оқушылар оң бағасын беріп, қайтадан өткізуге өтініш білдірді.

«Қоғамдық тәртіп негіздері» тақырыбында пікірталас өткізілді. Қоғамдық тәртіп - Азаматтың қадір-қасиеті мен басқа құқықтарын, меншіктің барлық нысандарын қорғау, қоғамдық орындарда тыныштықты қамтамасыз ету, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, адамдардың өзара араласуының қалыпты қызметіне жағдай туғызу, адамның жеке басына тиіспеушілікті қамтамасыз ету мақсатында, арнайы нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастар жүйесі. Оқушыларға қоғамдық тәртіп туралы ақпараттар беріліп, мысалдар келтірді. Оқушылар өздері қоғамдық тәртіпті бұзған жағдайда қандай жазалар қолданылады, сонымен қатар қылмыстың түрлерімен танысып соған байланысты сұрақтарға жақсы жауап берді.

«Әлемде мейірімділік бар ма?» тақырыбында 5-6 класс оқушылары арасында дебат ұйымдастырылды. Оқушылардың ой-жүйрігін дамытуға, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру.

Ақпан айында «Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?» атты 8-9 класс оқушылары арасында пікірталас өткізілді. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, пікірталас жүргізді.

Наурыз айында «**Табиғат тамашалары**» атты 1-4 класс оқушылары арасында суреттер байқауы өткізілді. Оқушылар өздерінің фантазияларына, қиялдарына қарай тақырыпқа байланысты суреттер жинақтарын тапсырды. Суреттердің қанықтығына, әдемілігіне қарай оқушылар марапатталды.

Наурыз мерекесіне орай «**Наурызым**» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Мерекелік шараға 1-4 класс оқушылары және 5-9 класс оқушылары болып екі күнге бекітіліп өткізілді. Мерекелік шарада ән, би, қойылымдар, түрлі ұлттық ойындар өткізілді.

Жылдық жоспарға сәйкес «**Қоқысты қайта өңдеу мүмкін бе?**» танымдық сабақ өткізілді. Танымдық сабақтан кейін практикалық жұмыстар жүргізілді. Практикалық жұмысқа 8-9 класс оқушылары қатысты. Қоқысты жай тастамай, көптеген дүниелер жасауға болатынын көрсету.

Сәуір айында «**Әсем көктем**» атты жерге сурет салу өткізілді. Сурет салу 1-4 класс оқушылары арасында өтілді. Оқушылар өз қиялдарына ерік беріп, көркем суреттер салды. Мақсаты: Балалардың көңіл-күйлерін көтеру. Қиялдарына ерік беру.

Жұмыс жоспарына сәйкес «**Біз өнерлі жастармыз!**» атты 5-8 класс оқушылары арасында флеш-моб ұйымдастырылды. Флеш-мобта барлық класс оқушылары өз белсенділіктерін танытты.

Мамыр айында 1-мамыр Бірлік күніне орай «**Бірлік болсын елімде!**» құттықтау сөзі өткізілді. Барлық мектеп оқушылары бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, бірлік күнімен құттықтады. Қазақ ұлтының көпшіл, көптеген ұлт өкілдерін бір шаңырақ астында сыйғыза алатын, жүрегі кең қазақ ұлты екені айтылды.

9-мамыр Ұлы Жеңіс күніне орай 1-9 класс оқушылары «**Жеңіс күні құтты болсын!**» мерекелік кеш ұйымдастырды. Мерекелік кеште әр класс оқушылары өздерінің арнайы дайындаған нөмірлері бойынша өнер көрсетті. Ұлы Жеңіс қандай ерлікпен келгені туарлы түсіндірме жұмысы да жүргізілді. Көптеген Ұлы Жеңіске арнайы өлең жолдары, әндер, билер т.б. оқушылар өз өнерлерін паш етті.

Мамырдың 25-ші жұлдызында «**Сыңғырла, соңғы қоңырау!**» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Соңғы қоңырауда әр сыныптың озат оқушылары мен мектеп іс-шарасына белсене қатысқан оқушылар марапатталды. Осылайша жыл бойы жоспарланған жұмыс та, оқу жылыда аяқталды.

Мектеп директоры:

Адилов Ш.Б.

Мектеп тәлімгері:

Турешова Ж.А.

